

УДК 35

В. А. Жексембекова,
Саяси ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – ЖАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОҚЫТУ

Аңдатпа

Мақалада жастарды құқықтық-электоралдық оқыту мәселесі зерттелген.

Тірек сөздер: құқықтық оқыту, электоралдық белсенділік, сайлау.

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы правового обучения и участия молодежи в избирательном процессе.

Ключевые слова: правовое обучение, электоральная активность, выборы.

Abstract

The article discusses legal education and youth participation in the electoral process.

Key words: legal education, electoral activity, election

Демократиялық мемлекеттің дамуы, азаматтың барлық құқықтарын толақанды іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етпейінше мүмкін емес. Бұл ретте ең бастысы – оның белсенді және бәсең сайлау құқығын іске асыру мүмкіндігі болып табылатын сөзсіз. Қазақстан Республикасындағы сайлау процессі оның тұрақты түсімді дамуы мен жетілуіне байланысты бүгінгі күні сайлауға қатысушылардан еліміздің сайлау жүйесінің құқықтық негіздерін неғұрлым толық және терең білуін талап ететін сала болып отыр.

Бұл білім Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы. Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамына жиырма қадам» мақаласында өзі қойған, қазақстандықтардың өмірінде өзін-өзі құрышы бастауларды, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамыту міндеті аясында ерекше маңызға ие болып отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған кейінгі Жолдауларында жастардың Қазақстанның болашағын құруда маңызды рөл атқаратынын ерекше атап өтеді. Жастардың саяси белсенділігі мен олардың арасындағы патриотизм мәселелеріне айрықша көңіл бөлінеді. «Кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда. Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс.

Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» (14.12.12ж. Қазақстан халқына Жолдауынан).

«Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі мемлекет құрушы, жалпұлттық құндылықтарда жатыр. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер, жастар. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлық таңытпаңыздар» (17.01.14ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанхалқына Жолдауынан үзінді).

Қазіргі заманда демократиялық мемлекетті, оның саяси жүйе элементтерін және азаматтық қоғамының институттарын тиімді дамыту азаматтардың құқықтық және саяси мәдениетінің деңгейін үнемі көтерусіз мүмкін емес.

Құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау – ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Азаматқа қандай құқық берілген және оларды қалай қолдана алуы туралы толық және терең білімінің болуы оны қоғамдық-саяси процестерге қатысуға ынталандырады және белсенді азаматтық ұстанымның қалыптасуына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-азаматтық қызмет – жеке табыстың ғана емес, сондай-ақ бүкіл елдің көркеюіне кепіл.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында негізі жаңа кең білімді алуға ынталандыру, азаматтық белсенділікті және жауапкершілікті дамыту құралатын жаңа қазақстандық патриотизмнің, қазақстан қоғамының әлеуметтік дамуының жаңа философиясын қалыптастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуі кездейсоқтық емес [1].

Бұл біздің еліміздің ХХІ ғасырдың жаңа ғаламдық шарттарына сәйкес Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси жетілдірілуін қарастыратын жаңа саяси бағытының негізгі мақсаттарының бірі.

Бұл процесте қазақстандықтардың жаңа, яғни егемен елде туылып және өскен буынының рөлі үлкен.

Тәуелсіз ойлауы, білімі және машықтары болашақта елімізді жаңа жетістіктерге жеткізетін стратегиялық саяси, экономикалық және әлеуметтік шешімдерді қабылдау үшін негіз болуы тиіс.

Сондықтан Мемлекет басшысы жас қазақстандықтарды оқыту және өсіру үшін қолайлы жағдай жасауға, олардың кәсіби және жеке жетілдірілуі үшін жаңа мүмкіндіктерді беруге бірінші кезекте мән береді.

Жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастыру және құқықтық шаралар жүйесін дамыта отырып, мемлекет оның әлеуетін демократиялық дамуда кеңінен пайдалануға, оның ішінде жас қазақстандықтарды электоралдық процестерге белсенді қатыстыруға мүдделі.

Сонымен қатар, жастардың демократиялық процестерге қатысуы Конституциямен кепілдік берілген сайлау құқықтарын іске асыру білімі, тәжірибесі және практикалық машықтарын негізге алуы тиіс. Сондықтан қазіргі уақытта Ортасайлауком азаматтық қоғам институттарымен, халықаралық және басқа да ұйымдармен ынтымақтастыққа барынша ашықтығы мен дайындығын көрсете отырып, өзінің барлық күш-жігерін белсенді ақпараттық-түсіндіру қызметіне жұмсауы қажет.

Болашақ жас сайлаушыларға осы білімдерді беру мақсатында Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 2012–2013 жылдарға арналған жастарды құқықтық оқыту тұжырымдамасын әзірледі.

Осы тұжырымдамаға сәйкес 2012 қазаны мен 2013 жылғы маусым аралығында облыстар және Алматы қаласының әкімдігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жастар ісі жөніндегі комитеттің қолдауымен еліміздің өңірлерінде жастарды құқықтық оқыту бойынша жоба іске асты.

Оның негізгі міндеті жастарға құқықтық білім берудің жаңартылған үлгісін әзірлеу, ендіру және апробациялау болып табылады.

Жобаның нысаналы тобы ретінде мектеп, колледж оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері, жастар этно-мәдени бірлестіктердің, жұмыс және ауыл жастары қатысты.

Қойылған міндеттерді шешу үшін жастарды құқықтық оқыту бойынша іс-шаралардың үлгі жоспары әзірленді, оның негізінде әрбір өңірде Орталық сайлау комиссиясы қарастырған іс-шаралар, сондай-ақ жергілікті қоғамдық жастар ұйымдары бастамашылық көрсеткен іс-шаралар енгізілген өздерінің бейімделген жоспарлары әзірленді.

Бекітілген кестеге сәйкес жобаның барлық іс-шаралар циклі жеке алынған өңірде бір ай ішінде өтті.

2012 қазаны мен 2013 жылғы маусым аралығында барлығы 11 өңір қамтылды. Оның ішінде: Павлодар, Маңғыстау, Батыс-Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік-Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облысы, Астана және Алматы қалалары.

Жобаны іске асыру барысында мектеп және жоғары оқу орындарының таңдау тәжірибесіне талдау, жас сайлаушылардың Қазақстан Республикасының сайлау құқығы негіздерін білу деңгейіне әлеуметтік зерттеулер жүргізілді, демократиялық сайлау процестерінің тарихы және даму үрдістері туралы ашық және интерактивті лекциялар ұйымдастырылды, жастардың сайлау процестеріне қатысу мәселелері бойынша ашық пікірталастар өтті.

Орталық сайлау комиссиясы жастар аудиториясына бағытталған және жастарға сайлау жүйесінің негізі, олардың құқықтарымен қолжетімді нысанда танысуға көмектесетін арнайы ақпараттық буклеттер әзірледі, шығарды және таратты.

Өңір жастарымен ашық кездесулерді ұйымдастыру практикасы кеңінен таратылды, оның шеңберінде он сегіз жасқа толған және сайлауда дауыс беру құқығына ие болған жастарға Орталық сайлау комиссиясының өкілдері символикалық сайлау куәлігін тапсырды.

Жастардың сайлау процесіне қатысуымен байланысты анағұрлым өзекті тақырыптарды талқылау үшін конференциялар, дөңгелек үстелдер өтті, диалогтық алаңдар ұйымдастырылды. Іс-шараларға қатысу үшін өңірлік жастар ұйымдары мен бірлестіктерінің көшбасшылары, үкіметке емес ұйымдардың өкілдері, оқу орындарының, өзін басқару органдарының басшылары, жастар парламентінің депутаттары, сондай-ақ басқа да жастар таңдау органдарының мүшелері, маслихаттың жас депутаттары және т.б. шақырылды.

Олар тек белсенділік емес, отандық сайлау жүйесін дамыту процесін талқылауға қызығушылық танытты, сондай-ақ сайлау құқығы саласындағы өз білімін тереңдетуге, туындаған мәселелерге жауап алуға ынталы екенін көрсетті.

Пікірсайыс кезінде туындаған мәселелерді талқылауға және оларға жауап беруге ерекше көңіл бөлінді. Әлеуметтанушылардың пікірі бойынша түскен сұрақтардың саны мен олардың мәні көптеген жағдайда аудиторияның жалпы қызығушылығын ғана емес, олардың білім алуға және оларды қолдануға дайындығын, белсенділік деңгейін анықтайды. Сондықтан жобаны іске асыру барысында жас сайлаушылардан келіп түскен сұрақтар мұқият талданды.

Негізінен қазақстандық жастарды: біздің елімізде азаматтардың сайлау құқығын іске асыру кепілдігі және практикасы, қазіргі заманғы сайлау құқығында қазақстан халқының құқықтық үрдісінің мирасқорлығы, сайлаушылар тізімін құру және түзету процедуралары, сайлау комиссиясының қалыптасуы, сайлау комиссиясы мүшелерінің жұмыстарының, түрлі сайлау процедураларын құқықтық реттеу және сайлау учаскелеріндегі дауыстарды санау мен таңдау қорытындысын шығаруды қоса алғандағы ерекшеліктері қызықтырды.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы мүшелерінің студент және жұмыс жасайтын жастармен кездесуі шеңберінде жастардың электоралды сауаттылығы және белсенділігінің өзекті мәселелері талқыланды. Аталған кездесу барысында жастар ҚР ОСК мүшелеріне сайлпу процестеріне қатысты қызықтыратын сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Жиі қойылған сұрақтарға келесілерді айтуға болады:

- Жұмыс бойынша шетелде жүрген адамдар қалай дауыс бере алады?
- Сенімді тұлғалар бақылаушылардан қалай ажыратылады?
- Пойызда отырып қалай дауыс бере аламын?
- Тікелей және жанама сайлаулар, олардың айырмашылықтары?
- Сайлау құқығының принципі дегендер не?
- Сайлау алды агитация деген не?

ҚР Конституциясы бойынша сайлауға қатысу құқық немесе міндет болады ма?

Аталған сұрақтар және ҚР ОСК мүшелері жауаптарының негізінде «Сұрақ-Жауап» жинағы 2012–2013 жылдары жастарды құқықтық оқыту бойынша жобаны іске асыру барысында жарық көрді.

Сайлау органдары жұмыстарының тиімділігін және сапасын арттыру, сайлау науқанын ақпараттық қамтамасыз етуде заманауи технологиялар мен коммуникация құралдарын кеңінен қолдану, оның ішінде түрлі әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін белсенді іске қосу, тіпті сайлауға қатыспаған тұлғалар үшін жаза қолдану бойынша заңнамаға шара енгізу туралы ұсыныстар берді.

Жобаға қатысу үшін еліміздің барлық анағұрлым танымал ірі жоғары оқу орындары тартылды. Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқасында Павлодар, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарының мектеп, лицей оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері, жұмысшы жастары мен оқытушылары үшін ұйымдастырылған сайлау құқығы бойынша интерактивті онлайн-лекциялардың тыңдармандар аудиториясы үлкейді.

Алматы қаласында болған және қаланың жүз сексен бес жоғары оқу орнында трансляцияланған интерактивті лекция аудиториясы 27 000 астам адамды құрады.

Орталық сайлау комиссиясы аппаратының мүшелері мен жұмысшыларының шеңберінде студенттер, сондай-ақ жұмысшы және ауыл жастарымен жобаны іске асыру шеңберінде

болған кездесулері еліміздің сайлау жүйесін дамытудың өзекті мәселелерін, сондай-ақ сайлау процесін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін бірлесе талқылау түрінде өтті.

Көпшілігі оқу орындарында, ауылдарда және кәсіпорындарда ұйымдастырылды.

Жобаның іс-шараларын ұйымдастыру бойынша жұмысқа тартылған жастар мен басқа да өңірлік қоғамдық бірлестіктердің белсенді қатысуы сайлау процесінің болашақ қатысушыларының жалпы құқықтық хабарлануын және дайындығын көтеруге ғана емес, жастармен жұмыс кезіндегі жаңа нысан және әдістерді айқындауда шығармышылық, қалыптан тыс жағдайларды қамтамасыз етті.

Осындай нысандардың бірі тақырыптық флеш-мобтарды ұйымдастыру және өткізу болды. Жастар тақырыптары мен девиздерін өздері анықтады. Олардың ішінде анағұрлым қызықты және массалық: Қарағанды облысында болған «Ойлан! Жаса! Таңда!» девизіндегі флеш-моб; «Сен өз құқығыңды білесің бе!» девизіндегі флеш-моб, Павлодар және Орал қалаларындағы «Менің арманымның таңдауы!» девизіндегі флеш-моб; Ақтау қаласындағы «Маған 18!», Шымкент қаласындағы «Маған 18! Менің дауыс беру құқығым бар!» флеш-мобы; Ақтөбе қаласындағы «Дауыс бер – ол сенің құқығың!» флеш-мобы және т.б.

Бұл акцияларға белсенді қатысқандар «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» Жастар Қанатының мүшелері, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы», «Қазақстан студенттерінің альянсы», «Жас Орда» студенттері мен магистранттары кәсіподақтарының студент-активистері болды.

Жобаның өңірлерде де, республикалық БАҚ-та да жарық көруіне ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, жас журналистер ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысуға тартылды.

Бұл тек аудиторияның кеңеюіне емес, сондай-ақ жергілікті басылым, редакция, телевизиялық және радиоканалдардың еліміздегі сайлау процестерін дамытудың тарихы мен перспективалары туралы білімдерінің деңгейін көтеруге мүмкіндік берді.

Біз жүргізген жұмыстардың жалпы қорытындысына қатысты сарапшылар, жергілікті атқарушы және саяси партиялар өкілдерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің, БҚБ жастарының, оқытушылар мен оқушылардың, студенттердің және жас жұмысшылардың пікірлері мен бағалары бойынша жобаны табысты деп айтуға болады. Жоба қортынысы бойынша бірқатар ұсыныстар жасалған:

– Жастарды сайлауға тарту мақсатында жарнама сапасын арттыру керек. Оларды қызықтырарлық бейнероликтер жүру керек және сол жарнамаларды ғаламтор арқылы жастарға тарату керек. Әлеуметтік желілер арқылы жәберілген жарнамалар тартымды және қызықты болмақ;

– Жастардың елдің және өңірдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуын мектептік және студенттік өзін-өзі басқару белсенді қатысуы арқылы жандандыруға бағытталған іс-шараларды өткізу идеясын қолдау;

– Жастардың өзін-өзі басқару тәжірибесінде жастар мәслихаттарын және оқу орындары лидерлерін сайлауды кеңінен қолдану;

– Қазақстан Республикасындағы демократиялық принциптерді дамыту үшін саяси партиялар жастар ресурсын пайдалану тиіс;

– Жастар арасындағы дау тудыратын мәселелерді оқу орнындағы өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының тікелей қатысуымен шешу.

Біз жоғары оқу орындары мен мектептерге оқу бағдарламаларында сайлау құқығы бойынша арнайы курс және тиісті әдіснамалық құралды белсенді пайдалануды ұсындық.

Тәжірибеде сыннан өткен жаңа құқықтық оқытуды білім беру мекемелері мен жастар бірлестіктерін тарту арқылы ұйымдастыру әдісін Орталық сайлау комиссиясы бұдан әрі де қолданатын болады.

Біз біздің еліміздің сайлау заңнамасына іс-шараларға қатысушылар білдірген қызығушылық оның жас сайлаушылар арасында таралуының базасы болып қызмет етеді деп сенеміз.

Оның міндетті нәтижесі барлық қазақстандық жастардың электоралды мәдениетін, қоғамдық-саяси белсенділік деңгейін көтеру болады.

Сайлаушы немесе қандай да бір сайлау лауазымына кандидат болу – жауапкершілікті болу, өз бетімен шешім қабылдау және өз таңдауына жауап беру деген сөз.

Жас қазақстандықтардың өмірге деген көзқарасы және жан-жақты жетілуге ұмтылдығын энергиясы – Қазақстанның тәуелсіз және еркін даму кепілі [2].

Жастардың өз Отанына пайдалы болу тілегіне көп жағдай тәуелді. Сондықтан олар үшін қазірден қоғамдық маңызды іс-шараларға белсенді қатысу, оқиғалардан хабардар болу, өз өмірлерін әділеттілік, заңдық – елінің лайықты азаматы болу принциптеріне құру маңызды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты \URLhttp://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana_1339760819
- 2 Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы \URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001287>
- 3 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы.
- 4 17.01.14ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
- 5 14.12.12ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

Дата поступления статьи в редакцию 4.02.2014